Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

31 қазан сейсенбі
№86 (1993)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАРАҒАНДЫ ҚАСІРЕТІ: САЛҒЫРТТЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Тағы да қаралы күн. Бейбіт елде көкке ұмтылып, желбіреген туымыз тағы да төмен түсті. Қазақ елінің басына қара бұлт үйірілген күн бұл. Басқа қалай айтамыз? Ел аман, жұрт тыныштта жұмысқа кеткен қанша үйдің азаматы үйіне оралмады, келмеске кетті. Елдің қабырғасын қайыстырған қайғылы жағдай Қарағанды облысындағы Костенко шахтасында болған еді. Еңсені басқан төтенше жағдай айналасында сұрақ көп. Мұндай жағдай қашанғы жалғасады, неге немқұрайды қараймыз? Адамның амандығына, өндірістегі қауіпсіздікке неге салғырттық таныттық?..

28 қазан күні Костенко шахтасынан өрт шығып, адам өлімі болды. Сол кезде жарияланған алғашқы ақпараттарға сүйенсек, шахтада 252 адам болған, жер бетіне сол сәтте 205 шахтер шығарылған. 11 адам сол мезетте көз жұмған. Қарағанды облысы әкімінің басшылығымен жедел штаб құрылып, адамдарды аман сақтап қалуға бел шеше кіріскенімен, кеңіште қаза болғандар саны арта берді.

Кеніштегі қайғылы жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев уақыт оздырмай шешім қабылдады. Президент тапсырмасымен оқиғаның мән-жайын анықтау үшін үкіметтік комиссия құрылды. Сонымен қатар Үкіметке «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтатуды тапсырды.

2 БЕТТЕ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Уақыт белдеуін өзгерту сан соқтырмай ма?

Осыдан бес жыл бұрын еліміздің Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстары төртінші уақыт белдеуімен, ал өзге облыстар бесінші уақыт белдеуіне бағынып, сағат уақыты екі әкімшілік уақыт белдеуімен есептелген еді. Оған дейін жазғы және қысқы уақытты ғана білетін көпшілігіміз үшін бұл түсініксіз жайт болғаны рас. Тек уақыттың бір сағат кейін шегеріліп, таңымыздың әдеттегіден кеш ататынын, ұйқымыздың қанық болатынына қуанғанымыз жасырын емес.

Жақында әлеуметтік желілерде бір сағат уақыт айырмашылығы бар аймақтардың Астана уақытымен теңестірілетіні туралы ақпарат тарады. Бұған қатысты Экология және табиғи ресурстар министрлігі еліміздің батыс өңірі биыл 30 қарашадан 1 желтоқсанға қараған түні елорда уақытына ауыстырылатынын мәлімдеді. Алайда қазіргі уақытта бұл мәселе зерттелу үстінде. Ел аумағындағы уақытты есептеудің бірыңғай тәртібін белгілеуде Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Сауда және интеграция министрлігі депутаттар мен орталық мемлекеттік органдардың, қоғам мен ғылыми ұйым өкілдерінен құралған жұмыс тобымен бірлесіп бұл мәселені зерделеуде.

Уақыт белдеуі деген не?

Жер бетіндегі уақытты есептеу жүйесі адам өміріне қолайсыздық тудырмас үшін халықаралық келісім негізінде 24 сағаттық белдеуге бөлінген. Ал әр сағаттық белдеу Гринвич меридианынан бастап шығысқа қарай 15 градустан құралады. Осылайша 24 сағаттық белдеу 0 ден 23 ке дейін нөмірленіп, әр меридиандағы орынның өзінің жергілікті уақыты белгіленген. Қазіргі таңда елімізде осы жергілікті уақыттың бірыңғай тәртібін енгізу мәселесі қаралуда.

Жалпы мәселенің мән-жайын түсіну үшін белгілі бір терминдерді, оның мағынасы мен маңызын ұғыну қажет-ақ. Бұл тұрғыда уақыт белдеуінің тіршілік үшін қаншалықты маңызы барын зерттеп, зерделеп жүрген қолданбалы хронобиология маманы, ҚР Сауда және Интеграция министрлігі жанындағы Уақыт өлшемі тәртібін реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық топ мүшесі, «International Alliance for Natural Time»-ның Қазақстандағы өкілі Болат Нұрхожаев былайша түсіндіреді.

3 БЕТТЕ

«111»-ге ХАБАРЛАСАТЫНДАР КӨП ПЕ?

– Алло, сіз отбасы, әйелдер және балалар құқығы мәселелері жөніндегі «111» «Аманат» мемлекеттік сенім телефонына қоңырау шалып тұрсыз. Операторға қосылу үшін бірді басыңыз.

Содан соң өз мәселеңізді айта аласыз. Иә, бұрын бұл нөмір «Аманат» партиясының жанынан жұмыс істесе, қазір 101, 102, 103 сынды нөмірлермен бірге мемлекеттік төтенше жағдайлар қызметінің бірыңғай тізіміне енді.

Бүгіндеотбасындазорлық-зомбылыққа ұшырайтын әйелдер де, балалар саны да көбейіп барады. Статистикаға сүйенсек, еліміздегі дағдарыс орталықтарына хабарласып, көмек сұрағандардың 70 пайызы – балалар. Осы тұста бірқатар сұрақ туындайтыны анық. Жақын

адамдарынан зорлық-зомбылық көру олардың психологиясына қалай әсер етеді? Неге ана мен бала жиі зорлыққа ұшырайды? Зәбір көрген жандар қайда хабарласа алады?

Енді елімізде отбасы мүшелеріне, балалар мен әйелдерге арналған шұғыл қоңырау нөмірі пайда болды. Қиын жағдайда қалған тұрғындар осы нөмірге тегін хабарласып, көмек ала алады. Бұл нөмір еліміздің барлық тұрғынына ақпараттық-анықтамалық, ұйымдастырушылық сипаттағы тегін байланыс қызметтерін, сондай-ақ психологиялық көмек көрсетуді, азаматтардың заңды құқықтарын қорғайтын барлық мәселелер бойынша бастапқы кеңес беруді қамтамасыз етеді.

4 БЕТТЕ

Тарихы терең Тасбөгет

Қала іргесіндегі көненің көзіндей болған Тасбөгет кентін көрсек шежіре парақтарын ашып, өткен күндерге ойша шолу жасаймыз. Сондықтан кенттің тарихы жайлы бір-екі ауыз сөз қозғауды мақұл көрдік. Себебі жылдар бедеріндегі тарих өрнегін кейінгі ұрпаққа мұрағаттау, таныту – біздің борышымыз. Кезінде бөгетімен, аудан орталығы болған айшықты жылдарымен есте қалатын кенттің кейінге мирас етер жылнамасын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін.

3 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Мөлдір Жаңбырбай, әлем чемпионы:

АЗИЯДА ЖІБЕРГЕН ЕСЕНІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЙТАРДЫМ

Күні кеше жер-жаһанды сүйіншілеген хабар жетті. Венгрияда өткен әлем чемпионатында қазақ қызы алтыннан алқа тақты. Сыр сұлуы Мөлдір Жаңбырбай каратэден алтын алған алғашқы қазақ. Спортшымен аз-кем тілдескен едік.

– Азия ойындарында күміс еншіледіңіз. Десе де Сыр жұртшылығы үшін алтыннан кем емес жүлде болды. Себебі ақтық сайыстағы жеңіске ұмтылысыңыз көптің көңілінен шыққанын байқадық. Сіздің ойыңызша, алтын алуға не кедергі болды?

– Ел абыройын асқақтатып, көк байрақты көтеру – әрбір спортшы арманы. Соңғы бәсекеде бұл мақсатқа жету күрделі болғаны шындық. Дегенмен физикалық, психологиялық дайындықта еш мін жоқ. Жарыс алдындағы жаттығу, бапкерлер кеңесін пайдаға жаратуға тырыстым. Өкініштісі, нәтиже көңілден шықпады.

Ақтық сайысқа назар аударсаңыз, табанды белдестім. «Алтын» алатыныма сенімді болып, қарсыласты әлсіретуге талпынғаным рас. Бірақ жарыс бітуіне соңғы минут қалғанда босаңсып, алтын қолдан кетті. Сондықтан бас жүлдеге ілінбеуіме шектен тыс сенім кедергі болған секілді. Әйтпесе, қойылған тактика, күш пен мүмкіндікті есептеуден қате болмады. Қарсыласыммен де бұрын тартысты бәсекелерде кездесіп, басым түсіп жүргенмін. Бұйырмаған шығар деген ой бар.

4 БЕТТЕ

ҚАРАҒАНДЫ ҚАСІРЕТІ: САЛҒЫРТТЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Костенко шахтасындағы апаттың себептерін анықтау және оның салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия құрылды. Комиссия құрамына Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов, ішкі істер министрі Ержан Сәденов, денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова, өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, құқық қорғау органдарының, Қарағанды облысы әкімдігінің, еңбек инспекциясының, «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағының өкілдері енді.

Мемлекет басшысы төтенше жағдай болған кеніш басына барып, қаза тапқан кеншілердің туған-туыстары мен отбасына көңіл айтты.

– Мен Мемлекет басшысы ретінде баршаңызға көңіл айтамын. Бұл – қасірет. Бәрін түсінемін, апаттың кесірінен көптеген адам қаза тапты. Сондықтан бұл жерге арнайы келдім. Тиісті шаралар қабылдаймыз, – деген Мемлекет басшысы 29 қазанды бүкіл ел бойынша жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады.

Сол күні Президент жедел штаб отырысын өткізді. Мұнда Үкіметтік комиссия мүшелерінің баяндамаларын тыңдаған Президент апатты жою және кеншілерді құтқару үшін барлық шараны қабылдауды, сондай-ақ қаза тапқан және зардап шеккен азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсетуді тапсырды.

– Сіздердің міндеттеріңіз – адамдармен тікелей жұмыс істеу, кездесу, сондай-ақ жедел топты қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Біз қазір қалыптасқан жағдайды түсіндіру, ең бастысы, шешім қабылдау үшін жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Жергілікті әкімдік тиісті шешім қабылдауы қажет. Кәсіпорынның сұраныстарына сүйене отырып, қажетті нәрсенің бәрін анықтаңыздар. Үкіметтік комиссия барлық мәселені пысықтауға тиіс. Мен не істеу керек екенін айттым. Әркім өзіне қатысты жұмысты біледі. Министрлер, басшылар өздерінің жұмыс тәсілдерін білуі керек. Президент әр оқиға сайын келіп тапсырма береді деп күтіп отыруға болмайды. Вадим Борисович Басинге кәсіпорынды басқаруды өз қолына алуды тапсырамын. Үкімет пен әкімдікке жан-жақты тиісті көмек көрсетуді, төтенше жағдайлар министрлігіне мүдделі құрылымдармен бірлесіп, апат салдарын жою және кеншілерді құтқару үшін барлық шараларды қабылдауды тапсырамын. Ішкі істер министрлігі зардап шеккен адамдардың отбасыларымен жұмыс істеуі керек. Үкіметтік комиссияға азаматтардың қаза болуына әкеп соқтырған өрттің мән-жайын тергеуді, барлық кінәлілерді жауапқа тартуды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Апат неден болды дегенге келсек, Костенко шахтасында лавада газ метанының жарылыс болғаны хабарланған. «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» ЖШС Қарағанды филиалы директорының бірінші орынбасары Геннадий Силинскийдің айтуынша, 28 қазан күні түнде шахтада 48-К Батыс лавасында 42-45 секциялар арасында өрт шыққан. Барлығы 149 секция болған. «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметінің құтқарушылары шақырылып, апатты жою жоспары енгізілген. Адамдарды шахтадан шығару мақсатында оларға хабар беріле бастады. Осыдан кейін 7-8 минуттан кейін шахтаның апат учаскесінде жарылыс болған. Жарылыстың күшті болғаны соншалық, батыс және шығыс блоктарында телекоммуникация істен шықты. Жарылыс толқыны тек апат учаскесін ғана емес, шығыс блоктағы К-2 лавасын да шарпыды. Жарылыс толқынының таралу ұзақтығы 2 шақырымнан асты», – дейді.

Аты әлемге белгілі «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының шахтасында болған төтенше жағдай бірінші рет емес. Бұл

туралы ақпарат көздерінде санамалап жазып та жатыр. Арғысын айтпағанда, биылғы тамызда компанияның «Қазақстан» шахтасынан өрт шығып, бес кенші қаза болған еді. Бұл оқиға бойынша қыркүйекте үкіметтік комиссияның тергеу қорытындысы жарияланып, жұмыс беруші 100 пайыз кінәлі деп танылған. Алайда «Қазақстан» шахтасындағы апат та компанияға сабақ болмаған сияқты. Костенко шахтасындағы қайғылы жағдайдан кейін алпауыт компаниямен ынтымақтасты тоқтатып, мұнан соң мемлекет меншігіне де қайтару жұмысы жүріп жатқаны белгілі болды.

– Мен «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жөнінде тапсырма бердім. Бұл мекеме үкіметпен және кәсіпорынмен ынтымақтастық тұрғысынан біздің тарихымыздағы ең нашар компания болды. Енді кәсіпорынның өзіне қатысты шаралар қабылдау туралы ойлануымыз керек, – деді ел Президенті.

Атағы жер жарған компанияның мәселесін қарау да ұзаққа созылмады. Сол күні Премьер-министр Әлихан Смайылов арнайы құрылған Үкіметтік комиссияның отырысын өткізіп, кәсіп орындағы өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жағдай сол шешілмеген өткір күйінде қалып отырғанын атап айтты. Комиссия төрағасы Әлихан Смайылов министрліктерге бірқатар тапсырмалар беріп, өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне кәсіпорынды Қазақстан Республикасының пайдасына беру рәсімдерін аяқтау жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Компания да өз кезегінде кәсіпорынды мемлекет меншігіне өткізу мәселесін тез арада шешуге мүдделі екенін жариялапты. Алайда атағы жер жерған компанияның сапалы жұмыс істей алмағанының себебі неде деуге болады? Әлде пайдаға құныққан компания басшылығы үшін адам құны көк тиын болғаны ма? Кешелі бері ресми ақпарат көздерінде «АрселорМиттал Теміртау» басқарушысының күніне 1 млн теңге жалақы алып отырғаны жариялануда. «Finance.kz» телеграм арнасы жариялаған мәліметке сүйенсек, компания өзінің басқарушысы Палаватху Кришнан Наир Биджуға 2021 жылы 375,9 млн теңге немесе айына 31,3 млн теңге төлеген. Сонда компания басқарушысы бір күнде 1 млн теңге жалақы алып отырған. «2022 жылғы деректер жоқ, компания оларды жай ғана қаржылық есептілік депозитарийінің порталына жүктемеген. Бірақ қаржылық есептер 31 тамызға дейін болуы тиіс болған. 2020 жылы Палаватху Кришнан Наир Биджу 344 миллион теңге алды. 2019 жылы оның алдындағы басшысы Парамжит Сингх Калон 328 миллион теңге алды. 2022 жылдың тамызында берілген соңғы есепке сәйкес, Арселорминталдың 2021 жылы таза пайдасы 215 миллиард теңгені құрады» – деп жазады «Finance.kz».

Қаза болған кеншілердің отбасына жан-жақты көмек көрсетілмек. Мемлекеттің ай сайынғы жәрдемақысы және компания қаражаты есебінен отбасыларға баспана беріледі, моральдық зиян үшін 10 жылдық жалақы мөлшерінде біржолғы төлем аударылады, балаларының жоғары оқу орнындағы ақысын төлейді, несиелерін өтеп береді, отбасы мүшелерін жұмысқа орналастырады, отбасына куротттық жолдама береді, пеш жағатындарға жыл сайын көмір береді, тағысын-тағы. Әрине, мұның барлығы адамның орнын толтыра алмасы анық.

29 қазан күнгі төтенше жағдайлар министрлігі баспасөз қызметінің мәліметі бойынша апат орнынан 45 адамның денесі табылғаны, тағы 1 кенші іздестіріліп жатқаны хабарланды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

Қоғам назарынан ешкім тыс қалмауы қажет

Біздің сұхбатымыздың бүгінгі қонағы – қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева. Сұхбат барысында мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға берілетін көмек, мүгедектікке шығу мәселелері айтылды.

– Мүгедекті оңалтудың парағы деген не? Қарапайым тұрғындар бұл жеңілдікті білмей, өзіне тиесілі көмектен тыс қалып жатады. Мүгедектің қай санатқа жататыны, науқасқа қандай көмек берілетінін кім ескертіп айту керек?

– 2023 жылдың 1-ші шілдесінен бастап «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» қолданысқа енгізілді. «Әлеуметтік кодекс» еліміздегі жаңа әлеуметтік саясаттың ауқымды өзгерісін қамтыған әлеуметтік құжат. Басты бағыты – еліміздегі әрбір отбасының әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту. Оның 13-тарауы «Мүгедектігі бар адамдарды мемлекеттік қолдау» шарасын қамтиды. Жалпы мүгедектігі бар адамды оңалту адамның тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік және өзге қызметке қабілетін толық немесе ішінара қалпына келтіруге бағытталған шара. Оңалту – медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту болуы мүмкін. Медициналық оңалтуды – арнайы медициналық мамандандырылған ұйымдар жүргізеді. Ол – адам ағзасын қалпына келтіру үшін дәрі-дәрмекпен, физикалық, санаторий-курорттық емдеу, хирургиялық немесе түрлі емдеу әдістерінің жиынтығы. Әлеуметтік оңалтуды халықты әлеуметтік қорғау жүйесі және арнайы білім беру ұйымы жүзеге асырады. Әлеуметтік оңалту – мүгедектігі бар адамдардың жеке бас гигиенасынан бастап, өзін-өзі қарап-күтудің, жүріп-тұрудың, қарым-қатынастың негізгі әлеуметтік машығына үйрету, техникалық көмекші және арнаулы жүріп-тұру құралымен қамтамасыз ету, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж мүгедектер мен мүгедектігі бар балаларға үйде арнайы әлеуметтік қызмет ұсыну, жүріп-тұруы қиын мүгедектер үшін жеке көмекші, есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметін ұсыну, медициналық-әлеуметтік мекемеде арнайы әлеуметтік қызмет көрсету, санаторий-курорттық емделуге жолдама беру секілді әлеуметтік қолдау шаралары жасалады. Аталған әлеуметтік қолдау мүгедектігі бар адамдарға медициналық көрсетілім негізінде әзірленетін оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес ұсынылады. Кәсіптік оңалтуды – халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдары, және білім беру қызметін атқаратын ұйымдар жүргізеді. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту: кәсіптік бағдарлауды, кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды), жұмысқа орналастыруды қамтиды. Науқастың санатын анықтау сауалына жауап беру үшін, алдымен жалпы мүгедектікті белгілеу тәртібі туралы айтып өткен дұрыс деп ойлаймын. Мүгедектік – адамның ауруы, мертігуі, жарақат алуы салдарынан денсаулығы айтарлықтай нашарлап, ағзаның тұрақты бұзылуы, қалыпты тұрмыс-тіршілігінің шектелуі. Оқыс оқиғадан немесе дерттен орын алған мүгедектікке ұшыраған жағдайда оны әлеуметтік қорғау қажеттігі туындайды. Осындай жағдайда оның мерзімі мен санатын, еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) жүргізумен реттеледі.

Мүгедектікті белгілеу үшін адам ең алдымен тұрғылықты/тіркелген жері бойынша медициналық ұйымдағы учаскелік дәрігерге, не бейінді маманға қаралады. Қарау нәтижесімен дәрігерлер қажетті диагностикалық және емдеу шарасын, көрсетіліме қарай стационарлық тексеру мен емдеу көлемін анықтайды, диагнозды және функционалдық бұзылу дәрежесін белгілейді.

Емдеу мен оңалту іс-шарасын жүргізгеннен кейін, адамның ағзасының тұрақты бұзылуы анықталған жағдайда медициналық ұйым елеулі немесе айқын білінетін анатомиялық ақауы мен бұзылуы бар болып, еңбекке уақытша жарамсыздық басталған немесе диагноз қойылған сәттен бастап төрт айдан кейін оны МӘС-ке жібереді.

Бұл ретте, медициналық тексерудің толықтығы, көлемі және адамдарды медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберудің негізділігін медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының төрағасы қамтамасыз етеді.

МӘС-ті Еңбек, әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері (МӘС бөлімдері) жүзеге асырады. МӘС бөлімінің мамандары адамды қарау және оның ағзасының бұзылу дәрежесін, еңбек ету қабілетін бағалау және ұсынылған құжаттар (клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіби және басқа да деректер) негізінде алқалы түрде сараптамалық қорытынды шығарады және мүгедектік санатын анықтайды.

Мүгедектік санаты науқастың өзіне-өзі қызмет көрсетуге, жүріп-тұруға, еңбек ету қабілетіне, оқуға, айналасын бағдарлауға, қарым-қатынас жасауға, мінез-құлқын бақылау қабілетіне қарай бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік дәрежесі белгіленеді.

– Туғаннан мүгедектігі бар азаматтарды өмірлік мүгедек санатына өткізу қалай жүзеге асады?

– Жалпы қолданыстағы нормативтерге сәйкес мүгедектік он алты жасқа дейінгі адамдарға 6 айға, 1, 2, 5 жылға және он алты жасқа толғанға дейін, он алты жастан он сегіз жастағы адамдарға – 6 айға, 1 жылға, он сегіз жасқа толғанға дейін, он сегіз жастан асқан адамдарға – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға немесе қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленеді.

Ал қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектік, яғни сіз айтып отырған «өмірлік» мүгедектік қайтымсыз анатомиялық ақау тізбесіне сәйкес ағза функциясының тұрақты, қалпына келмейтін өзгерісі мен бұзылуы болған, жүргізілген оңалту іс-шарасы тиімсіз, мүгедектік тобы тұрақты болған кезде және бірінші топтағы мүгедектігі кемінде төрт жыл, екінші топтағы мүгедектігі кемінде бес жыл, үшінші топтағы мүгедектігі кемінде алты жыл динамикалық қадағалаған кезде, зейнет жасындағы адамдарға оңалту болжамы қолайсыз болған кезде белгіленеді.

– I-II-III топ мүгедектеріне мемлекет тарапынан қандай көмек берілетінін жеке-жеке түсіндіріп айтсаңыз. Бүгінде Қызылорда қаласы бойынша қанша мүгедек тіркелген?

– Қызылорда қаласы бойынша мүгедектер саны – 11135. 1 топта – 1269, 2 топта – 3316, 3 топта – 3332. Мүгедектігі бар балалар саны – 3218.

Бөлім тарапынан «Мүгедектігі бар адамды реабилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына» сәйкес қала мен қалаға қарасты ауылдық округтерде тұратын мүгедектігі бар адамдар тұрақты түрде гигиеналық құралмен және арнаулы жүріп-тұру қамтамасыз етіледі.

Жыл басынан бері 4244 мүгедек гигиеналық және техникалық-компенсаторлық құралмен қамтылды.

Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы 1101 науқас жеке көмекшінің әлеуметтік қызметін алса, есту мүгедектігі бар 185 адамға 17 ымдау тілі маманы қызмет көрсетуде.

«Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедек балаларға санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларына» сәйкес мүгедектер санаторийлік-курорттық ұйымда уақытша медициналық оңалтумен қамтамасыз етілуде. Абилитациялау – медициналық реабилитациядағы ем-домның сапасын едәуір көтеретін әлеуметтік-психологиялық медициналық көмек.

Сонымен қатар, Қызылорда қалалық мәслихатының шешімімен санаторий-курорттық емделуге бірінші топтағы мүгедекпен ілесіп жүретін 168 адамға 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік қолдау көрсетуге жергілікті бюджеттен 23 мың 184 теңге бөлініп, 24 мүгедек көмекшісіне әлеуметтік көмек төленді.

Қалада мүгедектігі бар адамдарға «Инватакси» қызметі ҚР Көлік және коммуникация министрінің «Автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылуда. «Инватакси» қызметі екі үкіметтік емес ұйыммен 13 автокөлікпен тірек-қимыл аппараты бұзылған, көру қабілеті нашарлаған, бүйрек жеткіліксіздігінен мүгедек адамдарға және мүгедектігі бар балаларға қызмет көрсетуде.

Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында былтыр бірінші және екінші топтағы көру қабілеті бұзылған науқастарға қалалық қоғамдық көлікте тегін жүру жеңілдігі белгіленді.

«Жігер» Қызылорда облысының мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі» арқылы мүгедектігі бар адамдарға арналған компьютерлік орталық қызмет көрсетсе, «Қоғамдық денсаулық сақтау институты» мекемесі «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдаудың қосымша шарасын жүзеге асыруда.

Жыл басынан Талсуат елді мекеніндегі «Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту» орталығына 298 адам жолданып, «№2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына» тұрақты негізде 39 неврологиялық сырқаты бар науқас орналастырылды.

Бөлімге қарасты үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері мен орталықтарда қызмет алушылардың қажеттілігі ескеріле отырып, оңалту шарасын жасына, денсаулық жағдайына, жеке даму деңгейін арттыруға, әлеуметтендіруге бағдарланған 8 бағыттағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілуде.

Мәселен мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға үйде қызмет көрсету бөлімшесі арқылы жалғыз басты, бөгде адамның көмегіне мұқтаж 181 қартқа 24 әлеуметтік маман әлеуметтік қызмет көрсетуде.

Мүгедектігі бар балаларға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі арқылы 210 балаға 24 әлеуметтік қызметкер қызмет көрсетеді. 2023 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, бөлімшеден қызмет алушы балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетумен қатар, мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Бір сөзбен айтқанда, қоғам назарынан ешкім тыс қалмауы қажет деген ұстаныммен жұмыс істеп жатырмыз.

Сұхбатты жүргізген
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Талсуат ауылдық округінде орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «№2 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» мүмкіндігі шектеулі жандармен, I, II топтағы мүгедектерге арналған стационарлық орын.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Орталықта қызмет алушылар үшін мерекелік шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылады. Өнерлі қызмет алушыларымыз табиғи жанды дауыста ән шырқап, би билеп, көркем сөздер оқыды. Талантты қызмет алушылардың бірі Тастый Гүлнар Қазбайқызының бірнеше ән жинағы бар, түрлі байқауларға қатысып келеді. Облыстық деңгейдегі ауқымды іс-шараларға, фестивальдарға қатысып жүр. Сондай-ақ ерекше жандарға арналған «Сыр жұлдыздары» атты облыстық фестивалінде, «Біз біргеміз» атты мүгедектігі бар адамдар арасындағы облыстық шығармашылық фестивалінде Марат Мамырайымов, Оралбек Мыңжасаров, Әзиза Жетіруова, Өскен Мыңжасаров қатысып, арнайы марапатқа ие болды.

Қызмет алушы биші қыздарымыздан құралған «Шабыт» тобының да жетістіктері аз емес. Орталықта қызмет алушылар қаламыздың көрікті жерлеріне, мәдени орындарына, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясындағы сурет көрмесіне, барып, эстетикалық тұрғыда рухани әсер алғаны сөзсіз. Осы ретте аталған ұжым басшылығы мен қызметкерлеріне алғысымызды айтамыз.

Сонымен қатар салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Мұз айдыны» спорттық-сауықтыру кешеніне, «Евразия» спорттық кешеніне барып, денсаулықтарын жақсартуда. Сонымен қатар «Арыстан» спорт кешенінде теннис және №178 мектептің алаңында футбол ойнап жүр. Жыл бойына салауатты өмір салтын қалыптастыруға қолдау көрсеткен басшыларға алғысымыз шексіз.

Гүлбану АБДРАМАНОВА,
«№2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының мәдени ұйымдастырушысы

УАҚЫТ БЕЛДЕУІН ӨЗГЕРТУ сан соқтырмай ма?

– Кезінде мен уақыт белдеулері туралы мәселе көтергенімде «мынаның есі дұрыс емес шығар» деген адамдар болды. Бірақ 2018 жылы Үкіметтің № 817 Қаулысы қабылданып, сол жылдан бастап Қызылорда облысында уақыт белдеуіне байланысты сағат өзгерді. Өзгерген күннің ертеңіне-ақ «біз бұның соншалықты маңызды екенін білмеппіз» деген халықтың, әсіресе балалардың қуанғанының куәсі болдық. Бұл мәселені толық білу үшін «белдеулік уақыт», «декреттік уақыт», «жазғы», «қысқы уақыт», «жергілікті уақыт», «Гринвич уақыты» деген не екенін, ол не үшін керек екенін білу қажет. Белдеулік уақыт деп күннің ең жоғары нүктесінде туру мезгілін сағат 12-ден плюс-минус жарты сағатқа сай болған кезін айтады. Біздің елімізде ол тек бір ғана Шығыс Қазақстан облысына сай. Маған көпшілік барлық ауруды, суицидті осымен байланыстырасыз, онкология өзге облыста да бар ғой дейді. Менің бұл мәселемен айналысуыма облыстың суицидтан елімізде 1-орында тұруы түрткі болды. Суицидтың себебін іздеу барысында уақытф өлшемінің дұрыс болмауы салдарының неге соқтыратынын, тіпті онкология, қант диабеті, ЖҚТ аурулары, бедеулік пен белсіздікке де әсер ететінін білдім. Осылай хрономедицина, хронобиология, сомнология саласына келдім, – дейді Болат Жолтайұлы.

Еліміздегі уақыт өлшемінің тарихы сонау 1924 жылдан басталады екен. Кейін Кеңес одағы тұсында қабылданған уақыт белдеуі жүйесіне бағынған. Негізінде Қазақстан Дүниежүзілік сағат белдеуі жүйесі бойынша 4

сағаттық белдеуде орналасқан. Оның ішінде Маңғыстау, Атырау, БҚО жартылай 3 сағаттық белдеуде орналасса, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай облысы толық 4 сағаттық белдеуде, ШҚО 6 сағаттық белдеуде, қалған облыстар 5 сағаттық белдеуде орналасқан. Дегенмен ол тұста бұл аймақтарда жергілікті уақыт қолданылмаған. Себебі 1930 жылы электр энергиясын үнемдеу мақсатында декреттік уақытпен жүру туралы қаулы шыққан. Осылайша негізгі белдеулік уақытқа 1 сағат қосылып декреттік уақыт енгізілген. Қолданбалы хронобиология маманы Болат Нұрхожаев декреттік уақытты әлем елдері соғыстан кейін қолданғанын, алайда 3-4 жылдан кейін бұл жүйені алып тастағанын айтады. Кеңес одағы декреттік уақытты енгізуде кемшіліктерге жол берген.

– 1956 жылы Кеңес одағы аумағында уақыт белдеулерін реттеу туралы заң шықты. Соның аясында Қазақстандағы 4 белдеуді төртінші және бесінші белдеу деп екі белдеуге біріктірді. Оның шекарасын 67,5 меридианын бойлай орналасқан облыс шекаралары арқылы өтеді деп бекітті. Оған 1 сағат озық декреттік уақыт қосылып бұл белдеулер бесінші және алтыншы сағаттық белдеу болып шыға келді. Яғни Маңғыстау, Атырау, БҚО жартылай 3 сағат белдеуінде орналасқанмен бесінші сағат белдеуі уақытымен өмір сүріп өз белдеулігінен 1,5 - 2 сағаттай озық декреттік уақытта қалды. Өзге елдер декреттік уақытты белдеулік уақытқа ғана қосса, Кеңес одағында бұрыннан бар жазғы уақытқа қосты. Соның салдарынан жазда екі еселенген «жазғы» уақыт болды. Әрине өз белдеулігінен екі сағат озық кету қолайсыздық тудырады. Бұл қалыптасқан уақыт жүйесі еліміз егемендік алғаннан кейінде жалғасты. Тек 2000 жылы «ҚР аумағындағы уақыт өлшемі туралы» қаулы қабылданды. Онда бұрынғы декреттік уақыт қолдану туралы шешімдер өзгеріссіз қалды, – дейді хронобиолог маман.

Маман сол тұста декреттік уақыт бойынша көрші облыстар арасындағы уақыт айырмашылығы 2 сағатқа жеткенін айтады. Бұл өз кезегінде уақыттан шатасуға әкелген. Ал оны реттеу үшін 2004 жылы ОҚО мен Қызылорда, Ақмола мен Қостанай облыстары арасында 67,5 меридианын бойлай орналасқан сағаттық белдеу шекарасын Ақтөбе мен Қызылорда, Ақтөбе мен Қостанай облыстары шекарасына ауыстырып орналастыру жөнінде қаулы шыққан. Десе де декреттік уақытты қолдануға жұртшылық арасында наразылық туып, шатасу көбейгесін Үкімет арнайы қаржы бөліп, Денсаулық сақтау министрлігіне уақыт белдеуінің адам денсаулығына әсерін зерттеу, ал әр өңірдің әкімдігіне сауалнама жүргізу тапсырылған. Осы тұста аймақтың сағаттық белдеуі шекарасы Дүниежүзілік уақыт өлшемі жүйесіне (Гринвич) сәйкес қалдырылсын және «жазғы» «қысқы» уақытқа көшірілмесін» деген ұсыныс айтылған екен. Алайда бұл ұсыныс ескерусіз қалған.

– 2005 жылы Үкімет декреттік уақытқа ауысу адам денсаулығына зиян деп тауып одан бас тарту туралы шешім қабылдады. Бірақ ол қаулының күші толық жойылмай ауыстырылған сағаттық белдеу шекарасы 67,5 меридианы бойына қайтарылмай сол күйі өзгеріссіз қалды. Сонымен Қостанай және Қызылорда облысы географиялық толық UTC+4 сағаттық белдеуінде орналасқанмен UTC+5 белдеуі аумағында, оған 1 сағат декреттік уақыт тағы қосылып UTC+6 белдеуінде, яғни өз сағаттық белдеуін 2 сағат озық, қысы-жазы үнемі екі еселенген декреттік уақытта тұруға мәжбүр болды, – дейді Болат Жолтайұлы.

Аймақтағы уақыт жүйесін қалыпқа келтіру үшін бұл мәселені Парламент депутаттары 5 рет көтерген екен. Үздіксіз сұраныстың соңында мәселе оң шешім табады.

Басы 1-бетте

ТАБИҒИ ЫРҒАҚТАН АУЫТҚУДЫҢ САЛДАРЫ КӨП

Әлем ғалымдары адам биологиялық ырғағынан ауытқыса оның бойында созылмалы ауру өршіп, тіпті мінез-құлықтың өзгеруіне әкелетінін анықтаған. Осыдан соң Еуропа елдері декреттік уақыттан бас тарту туралы шешім қабылдаған. Тіпті Ресейдің өзі 2014 жылы сағаттық белдеулерді біріктіру мен декреттік жазғы уақытты қолданудан бас тартқан.

Уақыт белдеуін зерттеуші Болат Жолтайұлы табиғи уақыт белдеуінен ауытқу адамды ауруға шалдықтырып, гендік бейімділік тудыруы мүмкін екенін айтады. Адам баласы биологиясына, физиологиясына, тіпті табиғаттың өзіне қарсы дүниеге үйренісе алмайды деген пікірде.

– 2017 жылы Американың Калифорния штаты Беркли университеті профессоры невролог ғалым Метью Уолкердің «Біз неге ұйықтаймыз?» атты ғылыми кітабы жарық көрді. Онда әлемде жасалған 17 000 ғылыми зерттеу нәтижесін келтіре отырып, циркадтық ритмдердің бұзылуы неге соқтыратыны толық дәлелденген. Ғалымдардың зерттеу нәтижесі уақыт белдеуін дұрыс қолданбау онкология, жүрек-қан тамырлары ауруы, диабет, семіздік, репродукциялық қабілеттілік, түсік тастау, бүйрек жетіспеушілігі, ұйқының бұзылуы сынды ауруға әкелетінін көрсеткен. Қазір ғалымдар әлем жұртшылығына ұйқы бұзылуының эпидемиясы етек жайғанын айтып, дабыл қағуда. Бұдан қыстың күні миы әлі оянбаған, бірақ сабаққа бару үшін мәжбүрлі тұратын балалар, жасөспірімдер, сосын егде кісілер көп жапа шегеді. Сонымен қатар мұндай жағдайда түнгі ауысым жұмысшыларының онкологияға ұшырау қаупі жоғары, – дейді маман.

Ұйқы бұзылуының салдарынан көптеген ауру туындайтынын бүгінде дәрігерлер жиі айтады. Балаларды жастайынан қалыпты ұйқы режиміне үйрету керектігін де ескертеді. Яғни бір ғана ұйқы бұзылысы адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуіне

кедергі келтіріп, денсаулыққа орасан зор зиян әкеледі деген сөз.

Болат Нұрхожаевтың айтуынша,әлем елдерінде уақыт өлшемін оң шешудің бірнеше түрі бар екен. Бізге қолайлысы ол декреттік озық уақыттан бас тартып, бірегей уақыт өлшемін енгізу. Уақыт өлшемінен қателесу әр елдің қолданысындағы «табиғи уақыт», «жергілікті уақыт» – local time (LT), «белдеулік уақыт»,«стандарттық уақыт», «қысқы уақыт» – standart time (ST), «жазғы уақыт» – DST, «декреттік уақыт», «үнемі жазғы уақыт» permDST, «әкімшілік уақыт» деген терминдерден шатасудан болады-мыс. Мәселен, декреттік әкімшілік уақытты да кейде жергілікті уақыт деп немесе белдеулік уақытты әкімшілік уақыт деп шатастырады. Сол үшін әлемдік қолданыстағы «local time»,«standart time», «DST», «perm DST» терминін айыра білудің маңызды екенін айтады.

– Қазақстанның екі сағаттық белдеуін бөліп тұрған шекарасы 67,5 меридианға жақын орналасқан облыстар шекарасымен өтуі тиіс. Уақыт өлшемін реттеудегі олқылықтар осы жайтты ескермеуден орын алуда. Анығында, 1 сағат ілгері жылжытылған декреттік уақыттың өзі үнемі қысы-жазы «жазғы» уақыт (permDST) болып табылады. Әлемдік практикада «жазғы» (DST) уақыт жазда стандарттық уақытқа (ST) қолданады. Екі сағаттық белдеулерді біріктіргенде уақыт белдеуінде батыс жатқан аумақтар жергілікті уақытынан 1сағат озық болады. Мәселен, БҚО, Атырау, Маңғыстау, Қостанай облыстары сағаттық белдеулерді біріктіруден 1 сағат, декреттік уақыт қолданудан 1 сағат, яғни өзінің жергілікті уақытын 2 сағат озықтықпен, яғни үнемі қысы-жазы екі еселенген «жазғы» (2 permDST) уақытпен өмір сүрді. Бұған 1981 жылы жазда тағы +1 сағат «жазғы» уақыт енгізілді. Басты қате осы еді. Себебі аталған аймақ жазда жергілікті уақыттан 3 сағат озық болды. Соның әсерінен жаздықүні күн кешкі 11 де батып, тал түс уақыты сағат 3-ке жылжыды. Сондықтан өзі 2 сағат озық уақытқа тағы «жазғы» уақыт өлшемін қолдануға болмайды, – дейді уақыт өлшемі тәртібін реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық топ мүшесі Болат Жолтайұлы.

Осы орайда Экология және табиғи ресурстар министрлігінің еліміздің батыс өңірі биыл 30 қарашадан 1 желтоқсанға қараған түні елорда уақытына ауыстырылатыны туралы мәлімдемесі аталған жайттарды ескермеуден туындаған. Яғни министрлік қазіргі UTC+6 уақыт белдеуіндегі Астана уақытына заңдылығында UTC+5 уақытымен жүруі тиіс батыс аймақтарды біріктірмек. Мұны «International Alliance for Natural Time»-ның Қазақстандағы өкілі Болат Нұрхожаев былайша түсіндірді:

– Батыс аймақты 1 сағат алға жылжытса, бұл аумақтың батысында орналасқан аудандар, мысалы, Жәнібек ауданында Күн қыста сағат 10:40-та, Атырауда 10:16, Ақтауда 10:06 ататын болса, бірегей Астана уақытына көшкенде оқушылар сағат 8:00 сабақта отыруға мәжбүр болады. Мұндай жағдайда Жәнібек ауданының оқушылары таңертең күн атардан 2 сағат 40 минут бұрын қараңғы уақытта сабақта отыруға, ал сабаққа баруға 1 сағат бұрын тұратын балалар жергілікті уақытпен түнгі сағат 4:00-де ояну тиіс болады. Сондықтан Батыс облыстардың уақытын тағы 1 сағат алға жылжытуға болмайды. 2018 жылы Қызылорда облысы әкімдігі мен облыстық қоғамдық кеңес нақты дәлелдермен келтірген ұсынысы мен В. Фесенков атындағы астрофизика, М.Айтхожин атындағы молекулярлы биология және биохимия ғылыми зерттеу институтының қолдауы негізінде сағаттық белдеулер шекарасы Қызылорда мен Түркістан облысы аумағына қайтарылып, соның аясында өңірде желтоқсан айының 20-нан 21-не қараған түні сағат тілі 1 сағат кері жылжыды. Осылайша аймақ UTC+5 әкімшілік сағаттық белдеуі аумағына оралды. Қостанай облысы да осы қаулымен UTC+5 сағаттық белдеуіне көшуі керек еді. Алайда облыс әкімдігі одан бас тартты. Десе де Қостанай жұртшылығы бұл мәселені күні бүгінгі дейін қозғауда. Қазіргі таңда еліміздің Қостанай, БҚО, Атырау және Маңғыстау облыстары жергілікті уақыттан 2 сағат, Түркістан, СҚО, Ақмола, Ұлытау, Жамбыл, Қарағанды облыстарында 1 сағат 30 минут, ал өзге өңірлер 1 сағат озық, – дейді ол.

Биологиялық ырғақтан ауытқудың салдары қандай болатынын жоғары да айттық. Бұл – ғылыми негізі бар дәлелденген дүние. Соңғы жылдары әлем бойынша ұйқы режимінің бұзылуы салдарынан аса қауіпті рак, диабет, семіздік, жүрек-қан тамырлары жүйесі және де тағы басқа арулар өршуімен, физикалық, психикалық денсаулыққа кері әсері, еңбекке қабілеттілік, өмір сүру ұзақтығы төмендеуі сынды жайттардың көбеюі медицина саласында «әлеуметтік сағаттық белдеулер ауысуы синдромы» терминінің пайда болуына әкелген.

– Былтыр Испанияның Барселона қаласында уақыт өлшеміне байланысты ғылыми конференция өтіп, «Барселона Декларациясы» қабылданды. Декларацияны әзірлеуге әлемнің дамыған мемлекеттерінің хронобиология, кардиология, онкология, эндокринология, сомнология, педиатрия, геронтология, ұйқы медицинасы мамандары мен биологиялық ырғақты зерттеуші жетекші ғалымдар, медициналық ұйымдар қатысты. Барселона декларациясының ғылыми консенсусы маусымдық болсын, үнемі болсын, кез келген «жазғы» уақыт өлшемін қолдану зиянды, үнемі «жазғы» уақыт тіптен зиянды, тек жергілікті уақыт өлшеміне мейілінше жақын стандарттық уақытпен өмір сүру ғана физикалық, психикалық тұрғыдан ең тиімді болып танылды. Барселона Декларациясы негізінде әлем елдері Үкіметтеріне үндеу жариялады. Альянсқа мүше 11 мемлекет өкілі қол қойған хат International Alliance for Natural Time атынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа биыл наурыз айында жолданды, – дейді Болат Нұрхожаев.

МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ БАР

Қолданбалы хронобиология маманы, ҚР Сауда және Интеграция министрлігі жанындағы Уақыт өлшемі тәртібін реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық топ мүшесі, «International Alliance for Natural Time»-ның Қазақстандағы өкілі Болат Нұрхожаев ел аумағы 4 сағаттық белдеуді қамтығанымен ең шығыс шекарадан ең батыс шекараға дейінгі аралық уақыт өлшемімен ол 2 сағат 43 минутты құрайтыны алға тартады. Хронобиолог маман ешбір елде «жазғы» уақыт қолданудан энергия үнемделетіні ғылыми дәлелденбегенін жеткізді. Мұны Энергетика Министрлігі де ресми растаған. Сондықтан ел аумағында уақыт өлшемін түбегейлі реттеу қажеттігін баса айтты.

– Қазақстанда әлем елдерінің уақыт өлшеміндегі тәжірибесіне сүйеніп, ең тиімді уақыт өлшемін енгізуге болады. Оған Астананың географиялық ортаңғы сағаттық белдеуде орналасуы жақсы мүмкіндік береді. 18 жылдан бері Қостанай, БҚО, Қызылорда облысы халқынан түскен шағымдардың жылдан жылға көбеюіне байланысты құзыретті Комитет жанынан 2023 жылы Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылып, сағаттық белдеулер жөнінде, әлем ғылымындағы барлық дәлел мен ғылыми зерттеулер зерделеніп, «Есеп жобасы» құжаты әзірленді. Бұл жоба тиісті ғылым мекемелеріне жолданып, ғалымдар уақыт өлшемін түбегейлі реттеу керектігін растады. Мәселенің екі жолы бар. Бірі UTC+4,5 Астана бірегей уақыт өлшемін енгізу. Ол үшін батыстағы барлық +5 сағаттық белдеуімен өмір сүріп жатқан облыстар сағат тілін 30 минут, ал +6 сағаттық белдеудегі шығыс облыстар сағат тілін 1,5 сағат артқа жылжытады. Солай еліміздің барлығында бір уақыт өлшемі болады. Немесе бірыңғай UTC+5 уақытын қолдану қажет. Бұл уақыт белдеуін енгізу үшін барлық +6 сағаттық белдеудегі шығыс облыстар сағат тілін 1 сағат артқа жылжытады. Бірақ ол кезде БҚО, Атырау, Маңғыстау облыстары 2 сағат алдыда, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай облыстары 1 сағат кейін кетеді. Негізінде ең тиімдісі Астана, Алматы, Шымкент және басқа да көптеген облыстардың еліміздің географиялық ортаңғы сағаттық белдеуі – UTC+4,5 қолдануы. Тым болмаса батыс аймақтың уақыты UTC +5 бірыңғай уақыт болуы тиіс. Мәселе елімізде осылайша түбегейлі шешілуі тиіс. Бұл әсіресе ұлт пен ұрпақ денсаулығының қорғалуына, еңбекке қабілетті болуына пайдалы. Ел аумағында бірегей уақыт қолданудың басқа жолы жоқ, – дейді ол.

Тіршілігі табиғатпен біте қайнасқан халқымыз уақыт болжамын сағатсыз-ақ дәл болжай білген. Бүгінде дау болған мәселе адамның табиғат жаратылысынан ажырай алмайтындығын дәлелдеуде. Десе де еліміздегі бірыңғай уақыт өлшемінің қандай болатыны көп талқылауынан соң анықталады. Ал мамандар бұл мәселенің шешімін ғылыми негізде, дәлелді түрде айқындап берді.

Айдана СЕЙІЛ

Тарихы ерең асбөгет

Сыр өңірінің сән-салтанатын асырып, қолтығынан демеп тұрған Тасбөгеттің кезінде дәуірлеген атағы бүкіл одаққа жайылды. Шындығында, алып плотина құрылысы облыстың ғана емес, бүкіл елдің ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етті. Су – тіршілік көзі, сондықтан бөгеттің іске қосылуы аймақтың екінші тынысын ашты. Сол заманда бұл халыққа ауадай қажет алып құрылыстың бірі еді. Елдегі соғыстан соңғы ауыр жағдайға қарамастан 1945 жылы плотина салу қолға алынды. Экономикасы тұралаған аймақтың еңсесін көтеріп, егіс алқабын молайту үшін бөгет салу кезек күттірмейтін өзекті мәселе еді.

Иә, тарлан тарихы талай туындыға арқау болған, ақындар жырмен әспеттеген, жазушылар шығармаларында сомдаған шежірелі Тасбөгет кентінің жұлдызы жарқырап, 75 жылдық мерейтойын толағай табыспен қарсы алып отыр. Мерейтой аймақтың 85, Қызылорда қаласының 205 жылдығымен қабат тойлануда.

75 жылдық мерейтойдың шымылдығы Тасбөгет кенті әкімдігінің қолдауымен, С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Тарих белесіндегі Тасбөгет» атты тарихи-танымдық кешпен ашылды. Танымдық кеште «Тасбөгеттік тарландар» кітабының тұсауы кесілді.

Салтанатты жиынды кент әкімі Семсер Сыздықов ашып, кітаптың авторлары мен кенттің елді мекен ретінде қалыптасуына атсалысқан бірнеше азамат естелік айтып, тарихтан сыр шертті.

Мұнан соң ардагер ктапханашы Шамшахар Жанқожақызы шара қонақтарына кітаптың мазмұнын таныстырып, құнды деректер ұсынды.

Кент әкімі кітаптың жинақталып, баспадан шығуына еңбек сіңірген мәдениет саласының ардагері Қабдеш Шағыровқа шапан жауып, сый-сияпат көрсетті және мерейтой қарсаңында 75 жасқа толған әр сала өкілдерін марапаттап, сыйлық табыстады. Кенттің мерейлі тойына Тасбөгеттің төл перзенті, жыршы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова қатысып, жырдан шашу шашты.

Кенттен шыққан ақын-жыраулар туған жерге арнаған арнауларын орындап, құрметі мен сағынышын білдірді.

Тағылымды шара орталық алаңда жалғасты. «Тасбөгетім – тамыр тегім, құт мекен» атты мерекелік шараға қатысқан қала әкімі Асылбек Шәменов кент тұрғындарын мерейлі мерекемен құттықтады.

– Тұран төріндегі Тасбөгеттің бүгінгі келбеті ерекше. 32 мыңға жуық халқы бар іргелі орталық соңғы жылдары адам танымастай өзгерді. Көлемі ұлғайып, құрамына «Сабалақ» бау-бақшалық серіктестігі мен «Иіркөл» елді мекені енген өрісті мекенге айналды. Әлеуметтің әл-ауқаты артып, кенттің экономикалық көрсеткіші еселенді. Биыл бюджет есебінен және демеушілер көмегімен және инвестиция есебінен 9 млрд теңгеге кент тынысына жаңаша леп берген

жарқын жобалар жүзеге асты, – дей келе кенттегі өзге де жетістіктерге тоқталды.

Бүгінде кент орталығынан инвесторлар 4 млрд теңгеге 338 пәтерлі көпқабатты 4 тұрғын үйдің құрылысын жүргізуде. Бұл үйлер жақын күндері пайдалануға беріледі. Сонымен қатар құны 542 млн теңгені құрайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы да аяқталуға жақын. Аймақ басшысының тікелей қолдауымен бой көтерген нысан тасбөгеттік жасөспірімдерге ерекше тарту болмақ. Жыл белесінде кенттегі 41 көше жөндеуден өтті. Жолдардың бойына жарық шамдар орнатылды. Тұрғындардың талап-тілегіне орай кентте атқарылып жатқан игілікті істен «Еңбек» және «Өркендеу» саяжайлары да қалыс қалған емес.

«Сабалақ» саяжайына газ желісін тартуға демеушілердің көмегімен 100 млн теңгеге жоба-сметалық құжат әзірленуде.

Кенттің шығыс жағына қоныстанған тұрғындардың кәріз судан шығатын жағымсыз иістен арылуы үшін нақты шаралар қолға алынды. Яғни кәріз су тазарту станциясын толығымен жаңғыртуға құны 37,5 млн теңгеге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамаға ұсынылды. Ал аймағымыз үшін аса маңызды жобаның бірі – кент аумағында орналасқан бас тоғанды қайта жаңғыртудан өткізу еді. Бұл мақсатқа бюджеттен 2,6 млрд теңге бөлініп отыр.

Кенттегі ауыз толтырып айтарлықтай ілкімді істерді тілге тиек еткен қала әкімі аймақтың бас шаһарындағы игілікті жұмыстарды және ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапары жөнінде баян етті.

– Расында, облыс орталығы Қызылорда қаласындағы құрылыс қарқыны, жаңа жобалар ағыны жыл өткен сайын үдеп келеді. Оның барлығы Президентіміз бен Үкіметтің тұрақты қолдауының, аймақ басшысының байыпты бастамаларымен, елге болсын деген атымтай-жомарт азаматтардың жанашырлығымен жүзеге асуда. Осы орайда қаламыздың даму көрсеткіштерінде тасбөгеттіктердің де зор үлесі бар екенін айтқым келеді, – деген шаһар басшысы тасбөгеттіктердің ауызбіршілігіне ұйытқы болған ақсақалдарға, ел азаматтарына шынайы ризашылығын білдіре келе мерейлі 75 жасқа толған, өңір дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген бірқатар кент тұрғындарын арнайы Алғыс хатпен марапаттап, 75 жылдықтың символикалық белгісі ретінде 75 мың теңге қаржылай сыйақы табыс етті.

Мерекелік шара елімізге белгілі эстрада жұлдыздары мен жергілікті әншілердің концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

«111»-ГЕ ХАБАРЛАСАТЫНДАР КӨП ПЕ?



– Қазақстанда енді балалар құқығы бұзылған жағдайда «111 – жедел қызметіне» хабарласып, шағымдануға болады. Отбасы, әйелдер мәселелері және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі кеңес жанынан құрылған байланыс орталығы қыркүйек айынан бастап іске қосылды, – деп жазды, балалар құқығын қорғау бойынша республикалық кеңес төрайымы Динара Закиева өзінің Facebook-парақшасында.

Аталған байланыс орталығына балалардың құқығы бұзылған кез келген жағдайда, тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша жүгініп, көмек алуға болады.

– Бірнеше ай бойы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша екі маңызды жүйелік шешімді енгізу бойынша барлық өңірде өмірлік қиын жағдайдағы және зорлық-зомбылыққа тап болған отбасыларды анықтау жөніндегі жедел топтарды ұйымдастыру және «Amanat» партиясының жанындағы отбасы, әйелдер мәселелері және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі кеңес жанынан «111 – жедел қызмет» байланыс орталығын ашу жұмыстары жүргізілді, – деді Д.Закиева.

Оның айтуынша, балаларға қатысты жылына 2 мыңнан астам қылмыс тіркеледі екен. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың 60%-ы отбасында болады.

– Әрқайсымыз «111» нөміріне уақытында хабарласып, балалардың қорғаушысы бола аламыз. Егер балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет болған немесе отбасылық жағдайлар туралы білген кезде, қайда баруға болатынын білуі үшін, сонымен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны жайлы, оның өміріне және денсаулығына қауіп төнгені, зорлық-зомбылық немесе қатыгездік жасалғаны бойынша немесе егер олар балаларға қауіп төндіретін нысанды, мысалы, ашық люкті, жоғары вольтты электр желісін, су көзін көрсе, осындай жағдайлар жөнінде көмек көрсету үшін «111 – жедел қызмет» байланыс орталығына хабарласуы керек», – деді Д.Закиева.

– Егер сіз кішкентай баланың қараусыз қалғанын, оған қауіп төніп тұрғанын көрсеңіз, егер сіз балаға немесе әйелдерге қатысты қатыгездік, зорлық-зомбылық әрекеттері қолданылуы мүмкін екенін білсеңіз, олардың құқықтары бұзылса, «111» нөміріне күмәнданбастан қоңырау шалыңыз.

- 111 нөмірі құпия түрінде.
- 111 нөмірі әр аймақтың ІД-мен байланыстыаболады.
- 111 нөмірі «Бақытты отбасы» жол картасы бойынша құрылған барлық жедел топтармен байланыста.
- Қоңырау шалушыға қандай шаралар қабылданғаны туралы кері байланыс беру қажет.

Ең бастысы, бәріміз белсенді болуымыз қажет. Баланың, әйелдердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнгеніне күдік туған жағдайда хабарлау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік таныту және «111» нөміріне хабарлау. «111» нөмірі балалардың, отбасы мен әйелдердің құқықтарын қорғауға байланысты барлық мәселе бойынша өтініштер қабылдайды», – дейді кеңес төрайымы.

ҚИЫНДЫҚҚА ТАП БОЛҒАН БАЛАЛАРҒА АЛАҢДАЙМЫН

Зорлық-зомбылық үлкен әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Соған орай облыста 2017 жылы облыс әкімдігі мен облыстық жұмысты ұйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы құрылып, жұмыс істеп келеді. Біз осы орталықтың директоры Жандос Тұсмағамбетовтің де пікірін білгенді жөн көрдік.

– Әлеуметтік желідегі парақшамыз немесе сенім телефондары арқылы біздің орталыққа келеді. Көмекке мұқтаж жандардың 90%-астамы әйелдер. Әрине, олар өздері ғана емес, балаларымен бірге келеді. Сондай-ақ жыл артқан сайын олардың саны азаяр емес. Қайта орталықты паналаушылар қатары көбеюде. Негізі орталыққа келген адамға алты ай тегін қызмет көрсетіледі. Әрқайсысымен бірнеше бағытта писхологиялық-құқықтық тұрғысынан болсын, медициналық жағынан болса да жұмыс жүргізіледі.

Кейінгі кезде жастардың отбасында қиындық туындаса, ажырасуға дайын тұрады. Отбасын бұзуды ойлаған ата-аналардан баланың алдағы өмірі туралы ойлауды сұраймын. Бірақ олар баланы ойламайды. Ата-ананың екі жақта жүргенін, ажырасқанын ешбір бала қаламайды. Өйткені кез келген бала толыққанды отбасында өмір сүргенді ұнатады. Шындап келгенде отбасындағы келеңсіздіктер әр балаға кері әсерін тигізеді. Сондықтан ата-ана бала алдында жауапкершілікті ұмытпау керек.

Өткен аптада орталыққа алты баласымен бір әйел келді. Күйеуі үйінде ішімдікке тойып, әйеліне қол жұмсаған, берекесін алған, соңы төбелеске ұласқан. Соның бәрін балалары көріп тұрған. Ақыр соңында әйелі қашып, орталықты паналады. Мен осы күні осындайды көзбен көріп-өскен баланың болашағына алаңдаймын. Әйткенмен арасында өз отбасыларына қайта қосылып жатқандар баршылық.

Ал сенім телефонына келетін болсақ, бұл Президент Жолдауында да кеңінен айтылды. Негізі осыған дейін «150» байланыс нөмірі болды. Көбіне әйелдер сол нөмірге хабарласып отырды. Егер де хабарласқан әйел біздің облыстан болса, ол кезде дереу бізге хабарласа алады. Өйткені біздің орталық автоматты түрде қосылған. Әрине, желіде оператор байланыстырады.

Енді осы нөмірге «111» сенім телефоны қосылды. Жалпы қазіргі жағдайға байланысты «111» нөмірін қаламыздың кез келген тұрғыны білуі қажет. Оның ішінде мектеп оқушылары да, жасөспірімдер де бар, бәрін құлағдар ету керек деп ойлаймын. Сырттан жағымсыз бірнәрсені байқап қалса, дереу қоңырау шалу керек. «111» бірыңғай call-орталығына қоңырау шалу тегін, Қазақстан бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны. Сондықтан сенім телефонын кеңінен насихаттаған жөн, – деді орталық директоры.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА СЕНУГЕ БОЛАДЫ

Сенім телефоны – бұл кез келген адам өмірдің қиын жағдайын талқылау үшін анонимді түрде жүгіне алатын және өзінің сауалына жауап таба алатын қызмет.

Лиза Палманова, Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектептің педагог-психологі:

– Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Мемлекет басшысы ретінде зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін» деп, қазақстандықтардың қауіпсіздігі, олардың еркін жүріп-тұра алатындай қоғам құру қажеттілігі туралы мәселеге ерекше тоқталған болатын.

Зорлық-зомбылық пен буллинг құрбандарына көмек көрсетудің пәрменді бағдарламасын әзірлеу – күн тәртібіндегі басты мәселе. Осы мәселені басшылыққа ала отырып, «111» бірыңғай сенім телефоны іске қосылды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллинг құрбандары «111» бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығына тәулік бойы тегін хабарласа алады. Кез келген адамға қолжетімді. Байланыс орталығына үлкен жауапкершілік жүктелген. Жүйенің үйлесімді жұмысы заңсыз әрекеттердің теріс салдарын алдын алып, азаматтарға жедел құқықтық, психологиялық және консультациялық кеңестер береді.

Сенім телефонының мақсаты – отбасылық жайсыздықты, балалар мен жасөспірімдердің күйзелген және өзін-өзі қол жұмсауға бейім көңіл-күйдің алдын алуға, балалардың құқықтарын қорғауға және отбасын нығайтуға мүмкіндік беру. Өмірдің қиын жағдайына тап болған зорлық-зомбылық көрген азаматтарға білікті психологтар мен заңгерлер көмек көрсетіп, байланыс орталығы мемлекеттің уақытылы көмек көрсетуінің тиімді құралына айналатынын сеніммен айта аламын. Негізі әр баланың балалық шағы бақытты өтуі тиіс. Бірақ соңғы уақытта жоғарыда айтып өткендей, қиын жағдайлар жиі кездесуде. Міне, бұл баланың өміріне әсер ептей қоймайды – деді психолог.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Иә, орталық директоры мен психолог айтқандай, отбасында ұрыс-керісті көріп өскен ұл мен қыздан ертең не күтеміз? Қорыта келе, балаға әсер ететін нәрсе – өскен орта, ата-ананың тәрбиесі, махаббаты. «Сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» демекші, бала жасында қандай тәрбие алса, ержеткенде сол әдет қалмайды. Ұлтымыздың қанындағы ізеттілік дөрекілікке, қайырымдылық қатыгездікке, жомарттық тоғышарлыққа, адалдық арамдыққа, парасаттылық парасыздыққа ауыспаса екен...

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

«Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін. Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауынан.

Айта кетейін, қай әлемдік жарысқа қатыссам да туған жер атынан сайысқа түсемін. Сыр елінің қызы, киелі мекенге мәңгі қарыз екенім ұмытқан емеспін. Қазір Алматы қаласына қоныс аударғанымменен, жылы естелік, жарқын сәтім Қызылордамен байланысты. Абыройлы аймақ мәңгі жүрегімде.

Азияда жіберген есені Әлем чемпионатында қайтардым

– Жарысқа дайындық қалай жүрді?

– Жарыс алдындағы дайындық жарыстағы бапты айқындайды емес пе. Біз де Азия ойындарынан бір ай бұрын Францияның Марсаль қаласына барып, жаттығу жиын жүргіздік. Алматы қаласында да бірнеше мәрте дайындық болды. Психологиялық қолдау көрсетіліп, физикалық күш арттыру, ептілік жетілдіру секілді дағдыны дамыту бағыныда жұмыс істедік. Жеке бапкер мен ұлттық құрама жаттықтырушысы дайындыққа көмектесіп, әлсіз тұсты байқауға жәрдемдескенін айта кету керек. Жылдың ең маңызды жарысына сақадай сай болдық.

– Бапкерлер кеңесін қаншалықты пайдалана алдыңыз?

– Әрине, бапкердің ақыл-кеңесін қаперде ұстау қажет. Десе де спортта жағдайға қарау шешім қабылдау – басты артықшылық. Бапкерлер де қолайлы сәтте қапы қалмауды ескертіп, сақ болуға шақырады. Азия ойындарында бұл ұстанымға берік болып, барынша тиімді шешім қабылдадым деп ойлаймын. Алғашқы белдесулерге назар аударсақ, кіл мықтымен сайысқа түстім. Көбі әлем чемпионы, қатарының алды. Қарсыластырды ұтуыма тиімді тұсты дөп басып, орайлы сәтте шабуыл жасауым септесті. Әлем чемпионатында да осы бағытты ұстандым. Бапкерлердің айтқанын тыңдап, ақылмен жұмыс істедім.

– Байрақты бәсекеге қатысу үшін шетелге көп шығасыз. Мекен ауыстыру, жаңа аймақ спортшыға қалай әсер етеді? Ауа райының жақпауынан бабы келіспеуі мүмкін бе?

– Спортшының бабы келіспеуінің себебі көп. Жергілікті жердің ауа райы, тамағы жақпауы ықтимал. Адам ағзасы жер ауыстыру былай тұрсын, климаттық өзгеріске де сезімтал. Өскен орта, туған жердің жер жайына үйренген адам басқа аймаққа үйренуі қиындау. Біздің жаттығудың басым бөлігі таулы аймақта өтеді. Сыр елінің перзентімін, менің де бабыма таулы жерде өспегенім әсер етеді.

Оның үстіне отбасылық жағдай да психологиялық көрсеткішке ықпал етеді. Отбасындағы дағдарыс, көңіл-күй, оқиғалар жарыс кезінде әсер етпей қоймайды. Тек тыңғылықты дайындық, психологиялық қолдау арқылы жеңіске ұмтылу керек.

Мысалы, Азиаданың алдында қызым науқастанып, ауруханаға түсті. Ата-ана ретінде қызым үшін уайымдап, көңілім бөлінгенін жасырмаймын. Алайда құрама мамандарының қолдауы, бапкерлер жәрдемі, дәрігерлер көмегі жарысты ойдағыдай аяқтауға мүмкіндік берді. Сол үшін бәріне алғыс айтқым келеді.

– Өмірлік серігіңіз де спортшы екенін білеміз. Отбасылық өмір мен спорттық мансапты қатар алып жүрудің қиындығы неде?

– Иә, жолдасым да спорт саласында. Бір құрамада дайындаламыз, байрақты бәсекеде бір-бірімізге қолдау көрсетеміз. Бізді спорт жолықтырды. Спортқа деген сүйіспеншілік ортақ тақырыбымызға айналып, шаңырақ көтердік. Қазір бір жасар қызымызды тәрбиелеп отырмыз.

Жарымның қолдауы мен көмегі болмаса, спортқа оралмас едім. Себебі менде үлкен қорқыныш болды. «Отбасы мен спортты қалай қатар ұстаймын?», «баламды жаттығу мен жарыс кезінде қайда қалдырамын?» деген сұрақ мазалайтын. Екеуміз ақылдаса келе мазалаған сауалдың жауабын таптық. Әсіресе, жолдасым өз тарапынан қолдау көрсетіп, бар келеңсіздікті бірге шешетінімізге сендіріп, жылуын аямады. Жолдасымның ата-ана, туыстарының «сенің қолыңнан бәрі келеді», «саған сенемін» деген жігер сөзі әрқашан жадымда. Сондықтан Азия ойындарында «күміс» еншілеуіме, оны әлемдік жарыста алтынға айырбастауыма жақындарымның қолдауы себеп.

Жалпы отбасы мен спортты қатар ұстау оңай емес. Спорт бала кезден қолға алған іс болғандықтан бас тарту қиын. Ал отбасы өмірлік мақсатым болғандықтан басқа таңдау жасау оңай емес. Осы екі маңызды бағытты бір арнаға тоғыстырып, бәріне үлгеру үшін тырысып жүрмін.

– Мемлекет тарапынан спортшыларды әлеуметтік қолдау қай деңгейде деп санайсыз?

– Мойындау керек, елімізде спортшыларға қолдау жақсы. Өзге елдегі спортшылармен көп жолығамын. Сол кезде байқайтыным, біздегі қаржылық қолдау көш ілгері екен. Жол ақысы, жатын орынмен қамту, жалақы мөлшері ауқымды. Бұл спортшылардың ұмтылысына әсер етіп, кейінгі спортсүйер буынды қалыптастыруға мүмкіндік беретіні анық. Мысалы, соңғы уақытта шетелдік спортшылардың Қазақстанның атынан өнер көтсету үрдісі байқалады. Бұл да еліміздің спорт саласындағы қолдауды дамытуы мен материалдық көмекті ұлғайтуының дәлелі екені сөзсіз.

– Татамиде бақ сынағанда жерлестер қолдауын сезесіз бе? Әлеуметтік желі мен БАҚ арқылы айтылған қолдау-сөз қаншалық жігер береді?

– Әрине, туған жер қашанда ыстық. Әрбір жарыста жерлестер қолдауын, жалынды пікірін байқап жүрмін. Додаға түскенде тақым қысып, жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желіде қолдау білдіріп жатады. Ұстаздар, дос-туыстар, өзге спорт өкілдері, жаттықтырушылар дем береді. Мұндай қолдау жауапкершілік жүктейтіні сөзсіз.

Айта кетейін, қай әлемдік жарысқа қатыссам да туған жер атынан сайысқа түсемін. Сыр елінің қызы, киелі мекенге мәңгі қарыз екенім ұмытқан емеспін. Қазір Алматы қаласына қоныс аударғанымменен, жылы естелік, жарқын сәтім Қызылордамен байланысты. Абыройлы аймақ мәңгі жүрегімде.

– Жақында ел сенімін ақтап, каратэден тұңғыш қазақстандық Әлем чемпионы атандыңыз. Бұл – жерлестер үшін үлкен жеңіс. Жеңіс тұғырынан көріну қаншалықты қиынға соқты?

– Әрбір жетістіктің кілті – еңбекте. Спортшыны көпжылдық тәжірибе мен сәтсіздік қайрай түсері анық. Қытайда өткен бәсекеде күміс олжалағанда өкініш болды. Сол кезде Азия ойындарында кеткен есені Әлем чемпионатында қайтармын деп ел алдында да, өзіме де серт берген болатынмын. Міне, уәде орындалып, әлем чемпионы атандым. Қарсыластан басым түсіп, көк байрақты желбіретуге мүмкіндік туды. Жеңісімді Сыр еліне арнаймын.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Ерген ЯКУДАЕВ

Басы 1-бетте

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3109 **Тапсырыс №1716**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы **Гауһар Қожахметова**